

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 902 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 26, 247-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2 және 3-тармақтардағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Қысқаша мазмұны" деген кіші бөлімде: "2001-2003 жылдарға" деген сөздер "2001-2005 жылдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Іске асыру мерзімі" деген кіші бөлімде: "2005" деген сан "2007" деген санмен ауыстырылсын;

"Кіріспе" деген 2-бөлімде "2001-2003 жылдар" деген сөздер "2001-2005 жылдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде: реттік нөмірі 1 - жолда:

"Орындалуына (жүзеге асырылуына) жауапты" деген бағанда "Қаржы министрлігі" деген сөздердің алдынан "Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі," деген сөздермен толықтырылсын;

"Орындалу (жүзеге асырылу) мерзімі" деген баған мынадай редакцияда жазылсын: "2004 жылғы 1 қыркүйекке дейін";

реттік нөмірлері 2, 3-жолдардағы "Орындалуына (жүзеге асырылуына) жауапты" деген бағанда "Қаржы министрлігі" деген сөздердің алдынан "Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі," деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 4 - жолда :

"Орындалуына (жүзеге асырылуына) жауапты" деген бағанда:

"Қаржы министрлігі" деген сөздердің алдынан "Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі," деген сөздермен толықтырылсын;

"Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6 - жолда :

"Орындалуына (жүзеге асырылуына) жауапты" деген бағанда "Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген сөздердің алдынан "Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі," деген сөздермен толықтырылсын;

"Орындалу (жүзеге асырылу) мерзімі" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:
"2007 жылғы 1 қаңтарға дейін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі